

"Жамбыл облысында жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық маслихатының 2008 жылғы 8 ақпандағы № 4-16 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облыстық мәслихатының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 38-13 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 шілдеде № 2710 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2019 жылғы 17 шілдедегі № 37-7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 17.07.2019 № 37-7 (алғашқы ресми жарияланғаннан күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі)

шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының Су кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Кодекстің 38 бабының 5) тармақшасына, "Салық және басқада міндетті түрде бюджетке төленетін төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 487 бабының 1 тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл облыстық мәслихаты **шешім ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Жамбыл облысында жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық маслихатының 2008 жылғы 8 ақпандағы № 4-16 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2008 жылдың 11 наурызында № 1676 болып тіркелген, "Ақ жол" газетінде 2008 жылдың 15 наурызында № 42-43 (16.634-16.635) нөмірінде жарияланған) шешіміне өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасына сәйкес осы шешімнің қосымшасы жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыстық мәслихаттың қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, экология, табиғатты пайдалануды дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы
С. Қалманбетов

Облыстық мәслихаттың
хатшысы

Б. Қарашолақов

Жамбыл облыстық васлихатының
2015 жылғы "25" маусымдағы
№ 38-13 шешіміне қосымша

Жамбыл облысының жер беті су көздерінен алынған су ресурстарын пайдаланғаны үшін алынатын төлемақы ставкалары

№	Арнайы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	1000 текше метр су көлемінің төлем ставкасы, теңге
1	Тұрмыстық-пайдалану және коммуналдық қызмет	теңге/1000 текше метр	93,91
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қосқанда	теңге/1000 текше метр	263,79
3	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 текше метр	15,47
4	Су көздерінен су алып байлама шаруашылығын жүргізу	теңге/1000 текше метр	73,2
5	Су энергетикасы	теңге/1000 киловатт сағат	26,24